

Тәуелсіздік –жарқын болашақ кепілі!

2014 ж. 5 желтоқсан күні 9-сабақта «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы Жумасейтова С.Д. 202 тобында Тәуелсіздігіміздің 23 жылдығына арналған "Тәуелсіздік –жарқын болашақ кепілі!" тақырыбында әдеби- сазды ашық кураторлық сағатын өткізді. Ашық сабақ барысында топ студенттері Тәуелсіздік туралы, Елбасы жайында дайындаған мәліметтерімен бөлісті. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарға шолу жасалды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта оқу орнымыздың жеткен елеулі жетістіктеріне де тоқталып өтті. Сонымен қатар, университет студенттерінен Тәуелсіздікке байланысты алынған сұхбаттар көрсетілді. Ашық сабақта топ студенттері күй тартып, би билеп, ән шырқады. Көрермендерге Тәуелсіздікке байланысты сұрақтар қойылып, сыйлықтар берілді.







